

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің кезектен тыс мәжілісі
Хаттамасынан көшірме

Түркістан қаласы

26.10.2021 ж.

Сағат: 17:00

Өткізілетін түрі: онлайн (ZOOM платформасы арқылы)

Регламент:

Негізгі мәселелер үшін – 10 минут

Әр түрлі мәселелер үшін – 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары.

Күн тәртібі:

1. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша (магистратура және докторантура) 2021–2022 оқу жылына қабылданған білімгерлердің ғылыми жетекшілері мен магистранттардың диссертация тақырыптарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
2. Тақырыбы не ғылыми жетекшілері ауысатын 2-3-курс магистранттар мен докторанттар ұсыныстарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
3. Университет ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған Этикалық комиссия құрамын жаңарту мәселесі (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков*).
4. Факультеттерден алдағы жылдары туындайтын қажеттіліктерге орай Түркияның ЖОО-нда білім алуға жіберілетін білімгерлер контингентіне байланысты ұсыныстар (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков*).

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 2021–2022 оқу жылына қабылданған 1-курс магистранттары және докторанттарының тақырыптары мен талаптарға сәйкес келмейтін ғылыми жетекшілері Сенат мәжілісінде шартты түрде бекітуге ұсынылсын және 01.11.2021 ж дейін ауыстырылып, Ғылыми зерттеулер бөліміне тапсырылсын.

2. Сенат мәжілісіне «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы» Ереже жобасына «Түркиялық ғалымдардың Түркияның dergipark базасында жарияланған мақалалары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (КОКСОН) ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіндегі журналдарда жарияланған мақалалармен баламалы түрде ескеріледі» деген бапты қосу ұсынылсын.

3. Тақырыбы не ғылыми жетекшілері ауысатын 2-3-курс магистранттар мен докторанттар бойынша факультет ұсыныстары талапқа сай болмауы себепті Ғылым комитетінің келесі мәжілісіне қалдырылсын.

4. Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған Этикалық комиссиясының құрамы факультеттерден келген ұсыныстар бойынша қайта бекітілсін.

5. Факультеттерден алдағы жылдары туындайтын қажеттіліктерге орай Түркияның ЖОО-нда білім алуға жіберілетін білімгерлер контингентіне байланысты ұсыныстар қабылданып, Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

Ғылым комитетінің төрайымы:



А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы:



Ж.Ахметова